

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ**



**ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2021 жылғы 11 ақпандағы
№ ДС-43 сауалға*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің импорт алмастыру мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Елдің өңдеу өнеркәсібінде ішкі нарықты одан әрі экспортқа шығара отырып, молықтыру үшін дайын өнім өндіру бойынша үлкен әлеует бар. Бұл негізінен, қосылған құны жоғары орташа және жоғарғы өңделген тауарлар. Импортқа тәуелділіктің жоғары деңгейі машина жасау, металлургия, химия өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, фармацевтика өнеркәсібі сияқты салаларында байқалады.

Жұмыс істеп тұрған өндірістерді қосымша жүктеу және жаңа инвестициялық жобаларды іске қосу есебінен ішкі нарықты қамтамасыз ету және импортқа тәуелділікті төмендету бойынша өсу резервтері бар.

2025 жылы 943 млрд.теңге сомасына 32 жобаны іске қосу жоспарлануда, бұл ретте, жалпы өңдеу өнеркәсібінде импортын қысқартуы 2025 жылға қарай 20%-ды құрайтын болады.

Жобалар дайын отандық өнім өндіруге бағытталған. Бұл ретте химия және тау-кен металлургия салаларында шикізат өндіру жөніндегі жобалар бар.

Жобалардың негізгі мақсаты ішкі нарықты кейіннен экспортқа шығара отырып, отандық тауарлармен молықтыру болып табылады.

Импортты алмастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар аясында 2020 жылы 210,8 млрд теңге сомасына 23 жоба іске қосылды.

Сонымен қатар, мұнай-газ машинасын жасауды дамыту мақсатында Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Энергетика министрліктері мен ірі мұнай-газ операторлары (Tengizchavroil, Karachaganak Petroleum Operating B.V и North Caspian Operating Company) арасында мұнай-газ машинасын жасауды

дамытудың халықаралық орталығын құруға қатысты ниет туралы келісімге қол қойылды (бұдан әрі – Орталық).

Аталған Орталықтың мақсаты Қазақстан Республикасында мұнай-газ жабдықтарын немесе олардың компоненттерін өндіру бойынша 5-10 бірегей жоба құру болып табылады.

Орталықтың функциялары ҚР аумағында оқшаулау үшін жаңа ОЕМ-өндірушілерді тарту, әлемдік үздік мамандарды тарту, кәсіпорындардың техникалық, технологиялық және біліктілік мүмкіндіктерін бағалау және мұнай-газ машинасын жасау өнімдерін сертификаттау бойынша жұмыстарды қамтитын болады.

Бұдан басқа жергілікті қамтуды ұлғайту және отандық өндірушілерді қолдау мақсатында тұрақты негізде отандық тауар өндірушілердің жер қойнауын пайдаланушылармен, жүйе құрушы кәсіпорындармен және ұлттық компаниялармен ұзақ мерзімді кепілдендірілген шарттар, сондай-ақ тапсырыс берушілер мен отандық өндірушілер арасында «оффтейк-келісімшарттар» жасасуға жәрдемдесу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт шеңберінде ұлттық режимнен алып тастау жолымен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде жеңіл автомобильдерді, электр техникалық жабдықты, шұлық-ұйық бұйымдарын, аяқ киімді, кеңсе жиһазы мен цементті отандық өндірушілердің өнімдерін 2 жылға сатып алу басымдығы Үкіметпен белгіленген. Көрсетілген позициялар біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен сатып алынатын тауарлар тізбесіне енгізілген. Қазіргі уақытта аталған тізбені кеңейту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Жалпы импортты алмастыру мәселесі Үкіметтің тұрақты бақылауында.

А. Мамин

Тізбе:

Е. Жаңбыршинге
А. Жамаловқа
С. Имашевке
М. Құлшараға
С. Мусабиевке
С. Нақпаевқа
Д. Тұрғановқа

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)

На № ДС-43 от 11 февраля 2021 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно вопросов импортозамещения, сообщая следующее.

В обрабатывающей промышленности страны имеется большой потенциал по производству готовой продукции для насыщения внутреннего рынка с последующим выходом на экспорт. Это, в основном, товары средних и верхних переделов, с высокой добавленной стоимостью. Высокая импортозависимость наблюдается в таких отраслях как машиностроение, металлургия, химическая промышленность, легкая промышленность, фармацевтическая промышленность.

Имеются резервы роста по обеспечению внутреннего рынка и снижению импортозависимости за счет дозагрузки действующих производств и ввода в действие новых инвестиционных проектов.

В **2021** году планируется запустить **32** проекта на сумму **943** млрд. тенге, при этом в целом **сокращение импорта к 2025** году в обрабатывающей промышленности составит порядка **20%**.

Проекты ориентированы на производство готовой отечественной продукции. При этом в химической и горно-металлургической отраслях имеются проекты по производству сырья.

Основной целью проектов является насыщение внутреннего рынка отечественными товарами с последующим выходом на экспорт.

В рамках проводимой работы по импортозамещению за **2020** год было введено **23** проекта на сумму **210,8** млрд. тенге.

Вместе с тем в целях развития нефтегазового машиностроения между министерствами индустрии и инфраструктурного развития, энергетики и крупными нефтегазовыми операторами (*Tengizchavroil, Karachaganak Petroleum Operating B.V и North Caspian Operating Company*) подписано Соглашение о намерении в отношении создания Международного центра развития нефтегазового машиностроения (*далее – Центр*).

Целью данного Центра является создание 5-10 уникальных проектов по производству нефтегазового оборудования или их компонентов в Республике Казахстан.

Функции Центра будут включать работы по привлечению новых OEM-производителей для локализации на территории РК, привлечению первоклассных мировых специалистов, оценке технических, технологических и квалификационных возможностей предприятий и сертификации производимой продукции нефтегазового машиностроения.

Кроме того, в целях увеличения доли местного содержания и поддержки отечественных производителей Министерством индустрии и инфраструктурного развития на постоянной основе ведется работа по содействию в заключении долгосрочных гарантированных договоров отечественных товаропроизводителей с недропользователями, системообразующими предприятиями и национальными компаниями, а также «оффтейк-контрактов» между заказчиками и отечественными производителями.

В рамках Договора о Евразийском экономическом союзе Правительством установлен приоритет закупок на 2 года продукции отечественных производителей легковых автомобилей, электротехнического оборудования, чулочно-носочных изделий, обуви, офисной мебели и цемента при осуществлении государственных закупок путем изъятия из национального режима. Указанные позиции включены в перечень товаров, которые закупаются способом конкурса с предварительным квалификационным отбором. В настоящее время ведется работа по расширению данного перечня.

В целом вопросы импортозамещения находятся на постоянном контроле Правительства.

А. Мамин